

лық ізгілікті Дич өшіріп тастағандай жігері құм болды. Степан енді не істерін білмей отыр, олар қалай бір жайлауда бірге тұрмақ? Бұрынғыша тұра бермек пе? Жок, ол мүмкін емес. Енді не істеу керек?

Келесі күнгі күнде Дич бүкіл алқапты басына көтере қорылдап, оның жанында Цырля ақырын пысылдап ұйқтап жатқанда, аспандағы ай өткен түндегідей сәуле шашып тұрған кезде Степан дыбысын білдірмей тұрды да, «джинсы» шалбарын киіп, иығына ескі кеудешесін ілді де, Цырля ит жетектеп келген жіпті қолына ұстап, қаша жаққа барды. Мүйізді бөтен қашар тап бір мұны күткендей шығар ауызда тұр еді. Бұл оның мүйізіне жіпті ілді де, мықтап байлап, қашадан алып шықты. Жатырқап, жүрмей тартына ма деп ойлаған еді өйткен жоқ, жетегіне көніп, соңынан ере жөнелді.

Сождың биік жағалауымен Степан мүйізді тайыншаны жетектеп келеді, мөп-мөлдір су бетіндегі олардың көлеңкесі де жайылым бітіп, қара орман басталатын жаққа қарай бет алған. Қара орманның ар жағында қашардың құт мекені бар.

ИВАН ЧИГРИНОВ

ҮШ ҚАЙТАРА АЙТЫЛҒАН ӘНГІМЕ

Бұл оқиғаны менің танысым, селолық Советтің бұрынғы председателіне сол бір адам баяндапты. Үш рет айтқанда әр жолы жаңаша құйқылжытады ғой баяғы. Ал танысым жуырда Латакиға барар жолда маған әңгімеледі. «Шамасы,— деді ол әңгімені бастар алдында,— әлгі адам бұрын айтқанын ұмытып та қалған болуы керек. Ол қазір дүниеде жоқ».

Менің танысым әңгіменің майын тамызатын адам, сондықтан оның бірінші жақтан баяндалу формасын да өзгертпестен тек естігенімді қайталап бергім келеді.

«Ол біздің Латакиға кірме еді — соғыстан соң көп ұзамай-ақ келді. Қалай болғанда да соғыстан кейінгі алғашқы күзде-ақ дорбасын арқалап деревняда бригадир болып жүргені есімде. Оны Парфен деп атайтын,

ал фамилиясы тура жергілікті — Конопелькин еді. Латакида конопелькиндер он үйге жетіп жығылатын. Неге екенін білмеймін, мен Парфеннің деревняның өзі тұратын шетінен Чиковтар пешіне қарай асығып бара жатқанын жиірек көретінмін. Ол жақта сонау жиырма-сыңшы жылдары село тұрғындарының негізгі алқабына пан жерінен бөлініп берілген қосымша, былайынша айтқанда, каша болатын. Алғашында ол егістік еді, бірақ бірнеше жылдан кейін бүкіл деревня тұрғындарының келісімімен жайылымға айналдырылды, колхоз кезінде сұлы алқабы теңіздей толқып тұратын. Жұрт жем-шөбі мол тамаша көгалды қимаған болу керек, егістік пен қосымша алқапты әр үйге лайықтап қайта бөлген оккупация кезінде де бұл жерге түрен тісі тиген жоқ. Мұны жай, сөз реті келгенде айтып жатырмын.

Үстірттеу болса да Парфен Конопелькин жөнінде білетіндерімді қазір есіме түсіруге тырысайын. Иә, ол біздің жақта айтатындай кірме болатын, бірақ келімсек емес еді, яғни деревняда соғыстан кейін жесірлер де, бойжеткендер де, мобилизация бойынша алынып, қайтпаған құрдас жігіттерін күтіп отырып қалған кәрі қыздар да жеткілікті болғанымен, семья құру үшін олардың бірде біріне жанаспады. Парфен бір жақтан («бір жақтан» деп біз айтамыз ғой, әрине өзі қайдан екенін жақсы біледі) бір бикешті алып келді, қолынан жетектеп келді, ал сұлу бикеш екендігінде дау жоқ, өйткені жастығы мен сымбатын былай қойғанда, бұрын-сонды құрсақ көтермеген сияқты. Парфенмен екеуінен Латакиде ғана ұрпақ пайда болды. Екі ұл бала. Қазір олар деревняда тұрмайды, қара басының тірліктерімен бір жаққа кетіп қалды, Парфеннің әйелі де жоқ — жалғыз тұрғысы келмей, күйеуі қайтыс болғаннан кейін балаларының бірінің қолына ма екен, әлде өзін Парфен алып келген жаққа ма, әйтеуір көшіп кетті.

Осылайша Латакидың тағы бір ошағының оты өшті. Бар еді — енді жоқ. Қалған із — халықтың естелігі мен Парфеннің моласы ғана.

Латакида болудың сәті түсе қалса әрдайым қорымға барамын. Тіршіліктің жұмысы ғой. Жақын-жуықтарыңның немесе тума-туыстарыңның бірі жатқан жерге бұрылмай қалай кетерсің? Парфеннің моласы деревня көшесінің жалғасы тәрізді жолдың жиегінде. Балалары жоқ, жесірі жоқ — бірақ әрдайым күтімді, жұрт мезгілінен бұрын құлап, жермен жексен болып қалмауы үшін тәртіпке келтіріп қояды. Әрине, олар